

**Түркістан облысының білім басқармасының Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дин-Асыл-2» бобекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.
Хаттама №1**

05.09.2024ж

Қатысушылар саны: 16 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - перспективалық жоспар, циклограмма,
 - электрондық портфолио жинақтау;
- Фейзбук, инстаграмм, паракшаларымен жұмыс жасау.
- 2. Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын таныстыру.
3. Бір тұтас тәрбие бағдарламасын түсіндіру.
4. Ата-аналармен жұмыс түрлерімен таныстыру.
5. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру.
6. ҰБДҚ тізімді жинақтау
7. Сыбайлас жемқорлыққа іс-шара жоспарымен таныстыру.
8. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру» Баяндамашы саз жетекші Баратова Г.Д
9. «Ұлттық құндылықтар балабақшада» баяндамашы тәрбиеші Азимова С.М
10. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Бейсембаева Райхан Кенжебаевна 2024-2025 оқу жылының перспективалық жоспарына сәйкес, №1 әдістемелік кеңес отырысын ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес перспективалық жоспар ай сайын түзіліп, циклограмма апта сайын түзілетіндігін және жеке даму картасын барлық балаға мониторингтен кейін түзілетінін жеткізді және барлық тәрбиешіге саз жетекші қазақ тілі мамандарымен бірге қосылып жазып қол қоюды ескертті. Күн тәртібі 9сағатқа құрылған, себебі балабақшаның жұмысы 9сағат деп бекітілген. Электронды портфолио жинақтау бойынша барлық мекемеге хабар беріледі базаға өздеріңіздің жетістіктеріңізді, құжаттарыңызды «Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру» тақырыбында саз жетекші Баратова Гулмарал Дүйсенбаевна баяндамасын таныстырды. Баяндамада аспаптардың шығу тарихы, жасалуы, қолдануы, аспаптардың түрлері таныстырылды. Балаларды музыкалық аспаптарда ойнауға үйретудің негізгі әдістері таныстырылды. Балалармен саз сырнай ойнап көрсетті. Келесі тәрбиеші Азимова Сауле Мырзараимовна «Ұлттық құндылықтар балабақшада» баяндамасын таныстырып өтті. Баяндама барысында ұлттық құндылықтарды балаларға насихаттау үшін бірнеше әдіс-тәсілдермен таныстырды. Ұлттық құндылықтарды іс-әрекеттер барысында түрлі көрнекіліктермен, ұлттық ойындар арқылы дәріптеуге болатындығын айтып таныстырды. Ою өрнектер, асықтар, фетрдан жасалған кілемшелер, қоржын, қамшы өру, ұлттық киімдер, ұлттық қуыршақтарды күнделікті қолданып жатқандығын іс-жүзінде көрсетті.

Сұрақ : вариатив бар ма биылғы жылы?

Жауап: әр топта бір вариатив аласыздар.

Сұрақ: Ақылы конкуртарға қатыссақ немесе балалар қатысса жарамды ма?

Жауап: 514бұйрыққа сәйкес қатыссаңыздар жарамды.

Memoriz:

1. Вариативті компонент жоспарын түзу.
2. Озат тәжірибе жоспарын түзу.
3. Байқауларға № 5146бұйрыққа сәйкес қатысу.
4. Балалардың әлеуметтік жағдайын зерделеу.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Р.Бейсембаева

Хатшы:

Юнусова Р



**Түркістан облысының білім басқармасының Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.
Хаттама №2**

28.11.2024ж

Қатысушылар саны: 15 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Тәрбиешілермен педагогтарға номенклатураға сәйкес құжаттарын таныстыру.
 2. Осал топқа жататын балалардың тізімін жинақтау.
 3. Балалардың жеке құжаттарын зерделеу.
 4. Балалардың балабақшаға келуінің пайыздық көрсеткіштері.
 5. Біліктілік арттыру курсына баратын тәрбиешілердің және пән мұғалімдерінің тізімі.
 6. Байқаулар ережесімен таныстыру.
 7. Циклограмманың дұрыс түзілуін бақылау.
 8. Бақ беттеріне балабақшадағы атқарылған жұмыстарды жариялау.
 9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспарының орындалуы.
 10. «Бала құқығы- басты құндылық» тақырыбында баяндама Қалдыбек Ж
 11. «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында баяндама Косдавлетова А
- 11. Ағымдағы мәселелер.**

Балабақшаның әдіскері Бейсембаева Райхан Кенжебаевна 2024-2025 оқу жылының перспективалық жоспарына сәйкес кезекті әдістемелік кеңес отырысын бастады. Күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша педагогтарға номенклатура бойынша құжаттарды дұрыс сақтауды айтып түсіндірді. Әр педагогқа лайықты құжаттарды оқып таныстырды. Екінші мәселе бойынша осал топқа кіретін балалар тізімімен жинақтау топ тәрбиешілері мен педагог-психологқа тапсырылды.

Үшінші мәселе бойынша балалардың құжаттарын зерделеу барысында фото суреттері, туу туралы куәліктері толық емес топтардың тәрбиешілеріне жинақтауды ескертті, және жыл сайынғы медициналық тексеруден өтіп тұруға уақыты келген балалардың ата-аналарына ескертуді талап етті.

Төртінші мәселе бойынша медбике Маженова Шахнозға барлық топта бала саны 25, қатысу жақсы деңгейде, себепсіз балалар қалмайтындығын атап өтті. Бала саны орташа есеппен 287, 285, 282, келіп жатқандығын айтып өтті.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Райхан Кенжебаевна барлық педагог саны 17, оның ішінде –

7 жоғары білімді, 10 – педагог орта арнаулы деп есеп берді. Біліктілік арттыру курстарынан 6 педагог өткен, 4-педагог 2024-2025 оқу жылында өтуі керек.

Алтыншы мәселе бойынша әдіскер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сәйкес жарамды байқаулармен таныстырды мысалы: Бояулар құпиясы, жас суретші, Абай оқулары, Мұқағали оқулары, Мағжан оқулары, Балаларды ерте дамыту институтының барлық байқаулары, білім беру ұйымының байқаулары, білім бөлімінің қалалық, басқарманың, облыстық байқауларға қатысуға болатындығын ескертіп таныстырды. Интернеттегі түрлі ақылы сапасыз байқаулардың сертификаттары жарамсыз екендігін ескертті.

Жетінші мәселе бойынша топтарда циклограмманың дұрыс түзілуін түсіндіріп өтті. Құрметті тәрбиешілер барлықтарыңыз 1 аптаға циклограмма түзіп жүрсіздер, сол циклограммаға барлық іс-әрекет, ойын, дербес ойын әрекеті барлығы күн тәртібіне сәйкес түзілуі керек. Мектепалды топтарда 20 сағат берілген, сол сағаттары түгел шығуы міндетті. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті

құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес түзілуі керек деп ескертті.

Сегізінші мәселе бойынша Бақ беттеріне балабақшадағы атқарылған жұмыстарды жариялау барлық педагогтарға ұсынылды. Жергілікті «Кентау шұғыласы», «Қаратау тәжі», Республикалық журналдар «Бала мен балабақша», «Ұстаз еңбегі», «Білім айнасы» журналдарының редакциясымен хабарласып мақала, ашық сабақ, ертеңгіліктер, іс-шаралар жіберуге болатынын хабарлады.

Тоғызыншы мәселе бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспарының жоспарымен танысырды. Ата-аналардан төлем ақыны қолма қол алмауды, өз жеке счеттарына аудартуға болмайтындығын, және топтарда қаржы жинауға, ата-аналардан қымбат сыйлықар алуға болмайтындығын есертті.

Келесі оныншы мәселе бойынша «Бала құқығы- басты құндылық» тақырыбында тәрбиеші Қалдыбек Жанерке баяндамасын таныстырып өтті. Баяндама барысында Бала құқығы туралы, Бала құқықтарының Конвенсиясы туралы таныстырып өтті, және басты аспектілерді атады. Тәрбиешілерге баяндама таратылып берілді. Ең басты құндылық балалардың қауіпсіз өмірі екенін жеткізді. «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында баяндамасын Косдавлетова Акмарал таныстырып өтті, жоғары деңгейде бағаланды.

Ағымдағы мәселелер бойынша тәрбиешілер сұрақ қойды.

Сұрақ: Күз мезгілінде ата-аналар еңбек демалысына шықса балаларға демалыс беруге болады ма?

Жауап: Жылына бір рет ата-анасы еңбек демалысына шыққан кезде баласына демалыс ала алады.

Сұрақ: Балалардың тіл мүкістігінің алдын алу үшін логопед-дефектолог алынады ма?

Жауап: Бұл сұрақ қарастырылып жатыр, жақсы маман кезікск бала саны көбейсе құрылтайшыға сұраныс жіберіледі.

Шешімі:

1. Педагогтардың іс-әрекеттеріне ену.
2. Номенклатуралық құжатарын зерделеу.
3. Біліктілік арттыру курсына сұраныс жіберу.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Р.Бейсембаева

Юнусова Р.К

**Түркістан облысының білім басқармасының Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дип-Асыл-2» бөбекжай балабақшасы**

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.

Хаттама №3

08.01.2025ж

Қатысушылар саны: 16 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

- 1) Біліктілік санатын алған тәрбиешілерді анықтау.
- 2) Біртұтас тәрбие бағдарламасының дұрыс орындалуын бақылау.
 - 3) ҰБДҚ бойынша білі тізімін бекіту.
 - 4) Ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі.
 - 5) Дамытушы ортаның жасақталуын бақылау.
 - 6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары
 - 7) Ертеңгіліктерге талдау жүргізу.
 - 8) Көрнекіліктер көрмесі
 - 9) 5 жастағы балалардың физикалық дағдыларын дамыту.
- 10) «Балалардың балабақшаға бейімделуі» баяндама Тульмурзаева Г
- 11) Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Бейсембаева Райхан Кенжебаевна 2024-2025 оқу жылының қараша айында тестке барып, портфолио тапсырып педагог-модератор санатына үміткер тәрбиеші Азимова С.М және Тульмурзаева Г.Н екенін айтты. 2025ж ақпан айында тестке баратын педагог Қалдыбек Ж.М тәрбиеші.

Екінші мәселе бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасының дұрыс орындалуын қатаң бақылауға алатындығын ескертті. Себебі ұлттық тәлім тәрбие бала бойына сіңіріп, мектепке барған кезде Елім, Жерім, Отаным деп тұратын патриот бүлдіршіндерді тәрбиелеу қажет.

Үшінші мәсел бойынша ҰБДҚ базасында бала саны 290. Барлық 10 топта бала саны 25. 2-топта бала саны-20 Қазақ тобы-10, орыс тобы-2.

Төртінші мәселе бойынша ортаңғы топтарда дидактикалық ойындардың көрнекіліктерін тамашаладық. Бес дағдыға сәйкес түрлі ойындар ұйымдастырылған, құм терапиясы, ертегілер, пазлдар, сандар, суы ағып тұрған ыдыс жуатын кран, таяқшалар, текшелер, кілемшелер, артығын тап ойындары, түстер, пішіндер, үй жануарлары, қуыршабар, майда доптар, көгөністер, муляждар барлығын ұйымдастырып қойған. Ортаңғы екі топтың ата – аналарына үлкен алғыс білдіреміз. Көптеген ойындарды қолдан жасаған.

Бесінші мәселе бойынша дамытушы орта топтарда бес дағдыға сәйкес ұйымдастырылған, жатын бөлмелерде де ойнауға жағдай жасалған, дәлізде әр сөрелерге шаш өру, қамшы өруді ұйымдастырып қойған. Оқшаулау үйшіктер, дүкен, театр бұрыштары жасалған.

Алтыншы мәселе бойынша Сыбайлас жемқорлықтың алдын ал шараларына сәйкес ата-аналарға брошура таратылып жатыр ай сайын, балабақшада 1414, 1424 тел нөмірлері ілініп қойылған. Азаматтарға, жеке тұлғаларға арналған сенім жәшігі ілінген.

Жетінші мәселе бойынша ертеңгіліктерді интернетке қарап емес, өз тобыңыздағы балалардың қызықты жақсы көретін, жасай алатын ойындарын алып, әдістемелік нұсқаулыққа қарап түзу керек екенін ескертті. Барлық педагогтарға ертеңгіліктерді өткізу бойынша әдістемелік нұсқау хатты электронды түрде берді.

Сегізінші мәселе бойынша барлық топтардың көрнекіліктер көрмесі жақсы деп баға берді. Барлық топтар бес дағдыға сәйкес, ұлттық нақышқа сәйкес ұйымдастырған.

Түркістан облысының білім басқармасының Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасы.
Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы.
Хаттама №4

28.03.2025ж

Қатысушылар саны: 15 педагог

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Ұлттық біліктілік тестілеуден өтетін тәрбиешілермен педагогтардың тізімін анықтау.
2. Байқауларға қатысуға ықпал жасау.
3. Мерекелерге сай топтарды безендіру, іс-шара жоспарларын бекіту.
4. Номеклатураға сәйкес құжаттардың дұрыс жүргізілуін бақылау.
5. Баланың құқығы қалай қорғалады?
6. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Райхан Кенжебаевна кезекті әдістемелік кеңес отырысына келген педагогтармен сәлемдесіп, күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылында Ұлттық біліктілік тестіне баратын педагогтарды атап шықты, педагог-модератор санатына тест тапсыратын педагогтар Юнусова Р.К, Бекбергенова С.Б, Абдигалиева Д.Х. Педагог-зерттеуші санатына тест тапсыратын педагог- Баратова.Г.

Екінші мәселе бойынша «Балаларды ерте дамыту» институтының жоспарлаған 2024-2025 оқу жылындағы байқаулар тізімімен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша Наурыз айында топтардың ертеңгіліктері, іс-шара жоспарлары бекітілді.

Төртінші мәселе бойынша номеклатураға сәйкес денсаулық дәптерлерін, топтың тазалық дәптерлерін, балалардың әлеуметтігі туралы тізімін анықтап жазу ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер «Баланың құқығы қалай қорғалады?» тақырыбында баяндамасын оқыды. Педагогтармен пікір алмасты.

Ағымдағы мәселелер бойынша балалардың күнделікті кешікпей келуі, педагогтардың киім үлгісі, этикасы және ата-аналармен дұрыс жағымда қарым қатынас орната білу туралы кеңестер айтылды.

Шешімі:

1. Балаларды жас ерекшелігіне байланысты топтастыру.
2. Жыл мезгіліне сай топты безендіру.
3. Мерекелік іс-шаралар кезінде тазалық сатау, қауіпсіздікті қатаң ұстану.
4. Серуенге шығуын бақылау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Р.Бейсембаева

Хатшы:

Юнусова Р.К

